



18+

газета издается с 26.06.2004 года

ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 25/617

21 июня 2019 года

Вестник

Жастар жылы

Новости Содружества

АЙБЫНДЫ ЖАСТАР – ЕРТЕНГІ ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Мемлекет басшысы, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қарағанды облысындағы «Спасек» оқу-жаттығу орталығының полигонында Жастар жылының аясында бесінші «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев, Парламент депутаттары, Қарағанды облысы әкімдігінің басшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері мен шақырылған өзге де қонақтар қатысты.



«Айбын» жиыны еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларының жас өрендері үшін бесінші жыл қатарынан асыға күтетін айтулы іс-шараға айналды. Бұл – Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, оларды отансүйгіштік тұрғыда тәрбиелеу және осынау қасиеттерді әскери өмірдің қыр-сырымен ұштастыру жолындағы ізгі амалдардың нәтижесі. Бұл тапсырмадан соң еліміздің барлық өңірлерінде әскери-патриоттық жұмысты жетілдіру мақсатында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы Қорғаныс министрлігімен және жергілікті атқарушы органдармен ынтымақтастық, өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойғаннан кейін Елбасы тапсырмасын орындау шаралары қарқын ала түсті. Оның ішінде Жастар жылында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы 300-ге жуық іс-шара өткізіп, оған 700 мыңнан аса жасөспірім қатысқан.

Осы орайда болашақ Отан қорғаушылардың алғашқы мерейтойлық жиынына арнайы барған Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери-патриоттық жиынға қатысушыларды құттықтап, өткізіліп отырған іс-шараның ерекше маңызын атап өтті. Сондай-ақ бұл жиынның еліміздің ең сенімді, жауапты, отаншыл әрі батыл жастарының басын қосып отырғанын айтты.

– Біз Тәуелсіз еліміздің айбынды жастарына әрқашан зор үміт артамыз, сенеміз. Жақсы дәстүрге айналған «Айбын» әскери-патриоттық жиыны – отаншыл жастарды адал қызмет етуге, ел қорғаны болуға тәрбиелейтін бірегей алаң, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті жастарды қолдауға және олардың мүмкіндіктерін жүзеге асыруына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінетінін атап өтіп, жастар дамудың символы және жарқын болашаққа деген үміттің көрінісі екеніне назар аударды. Сондықтан Елбасының 2019 жылды Жастар жылы деп атағаны кездейсоқ еместігін айтты.

– Жастар ел өміріне белсенді араласып, азаматтық қоғамның дамуына және елімізді табысты жаңғыртуға септігін тигізуде. Елімізде Қазақстан жастарының бойында отаншылдық рухты қалыптастырып,



тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлінеді. Осыған орай, «Жас сарбаз» республикалық балалар мен жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысы құрылды. Барлық өңірде бұл ұйымның бөлімшелері жасалып, жұмыс істеп жатыр. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубтары мен сыныптарының саны 6 мыңға жетіп, 174 мыңнан астам баланы қамтыды, – деді Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Мемлекет басшысы жасампаздық, бейбітшілік пен келісім, халықтың бірлігі, Отанға деген сүйіспеншілік және бәрімізге ортақ тағдыр жолы сынды біздің халқымызды біріктіретін құндылықтар жастардың басты бағдарына айналуы тиіс деді.

– Мен жүрегімде отаншылдық рухы жалындаған жастардың жаңа буыны өсіп келе жатқанын көріп отырмын. Бүгінгі ұрпақтың ойы – ұшқыр, білімі – озық. Отанымыз Мәңгілік елдің беделін арттыра беру – сендерге артылған зор үміт. Сондықтан жастарымыз ұлттық құндылықтарымызға адал болып, Қазақстанның жетістіктерін еселей береді деп мен кәміл сенемін! – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға арнаған сөзінде әр адамның өміріне қажетті қасиеттер туралы айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, ең алдымен, парасаттылық, білім, кәсібилік пен Отанға деген адалдық қажет.

– Сіздердің ерік-жігерлеріңіз, күшқуаттарыңыз бен шығармашылық әлеуеттеріңіз мол. Осының барлығы өмірдегі басты мақсаттарыңызды жүзеге асыру үшін пайдаланыңыздар. Еліміз әрқайсыңыздың табысты болғандарыңызды қалайды. Осыны естен шығармаңыздар. Себебі сіздердің жетістіктеріңізден тұтас елдің жетістігі қалыптасады. Сіздердің ой-мақсаттарыңыздың орындалуына шын жүректен тілектеспін, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы сөзінің соңында «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынын ашық деп жариялап, қатысушылардың оқуына сәттілік, мықты денсаулық пен табыс тіледі. Қазақстан Президентіне қару-жарак түрлері, Құрлық әскерлері мен Әуе қорғаныс күштері техникаларының мүмкіндіктері таныстырылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы далалық лагерьмен танысып, қатысушылардың жатын орнын көрді, әскери-патриоттық клубтардың тәрбиеленушілерімен әңгімелесті.

Елбасы өткен жылы қазан айында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Бойсқау қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейткен жөн» деп, жастар тәрбиесінің маңызы бағытын атап көрсеткен болатын.

Дереккөз: <https://egemen.kz>
(Толық мәтінді сілтеме бойынша оқыңыздар)

БИШКЕКСКАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ О ИТОГАМ САММИТА ШОС В КЫРГЫЗСТАНЕ

По итогам заседания Совета глав государств-членов ШОС, прошедшего в столице Кыргызстана, принята Бишкекская декларация и более 20 других документов, передает корреспондент Kazpravda.kz.

сотрудничества в сфере цифровизации и ИКТ и Программу развития межрегионального сотрудничества стран-членов ШОС.

Руководители госорганов стран-членов ШОС на полях саммита подписали соглашения о сотрудничестве – в области



"Принятая Бишкекская декларация является важным итоговым политическим документом саммита. В ней определено совместное видение лидеров наших стран по перспективам развития ШОС, а также консолидированная позиция по актуальным международным и региональным проблемам", – сказал на брифинге после саммита Генеральный секретарь ШОС Владимир Норов.

Он также сообщил, что на встрече глав государств в Бишкеке утвержден план мероприятий в области охраны окружающей среды на 2019-2021 годы, нацеленный на сохранение экологического баланса на пространстве ШОС, обеспечение благоприятной окружающей среды для жизнедеятельности населения стран-участниц организации.

Главы государств также утвердили рабочий план по реализации программы действий в рамках Антинаркотической стратегии ШОС до 2023 года, концепцию

средств массовой информации и в сфере физической культуры и спорта, а также план основных мероприятий по развитию сотрудничества в области здравоохранения на 2019-2021 годы. Кроме того, принята дорожная карта дальнейших действий Контактной группы "ШОС – Афганистан".

Меморандумы о взаимопонимании Секретариат ШОС подписал со Всемирной туристической организацией, Управлением ООН по координации гуманитарных вопросов и Международным финансовым центром "Астана".

Заседание Совета глав государств-членов ШОС в Бишкеке завершило председательство Кыргызстана в организации – этот пост на 2019-2020 годы приняла на себя Российская Федерация.

Следующий саммит ШОС планируется провести 22-23 июля 2020 года в России.

Источник: www.kazpravda.kz

Новости региона

ПЕРВЫЙ ФРОНТ-ОФИС ПОЛИЦИИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

КАРАГАНДА. КАЗИНФОРМ - Открытие первого в Карагандинской области фронт-офиса полиции «Приемная для граждан» состоялось сегодня в Караганде, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Работа нового фронт-офиса основана на принципах деятельности центров обслуживания населения. Здесь нет решетчатых дверей и строгого пропускного режима. Посетителей встречают приветливые сотрудники полиции, в их распоряжении уютный зал ожидания, на экране демонстрируется познавательная информация. За стеклянными перегородками - управление административной полиции, управление миграционной службы и другие службы, где посетителям помогут решить вопросы, связанные с транспортом, с получением граж-

данства Республики Казахстан, смены ПМЖ, выездом за пределы страны и другие. Новый объект был открыт в рамках внедрения нового формата работы с населением.

Сотрудники приемной для граждан непосредственно будут работать с заявителями, а это позволит сократить время рассмотрения обращений, создаст доступность, открытость и оперативность в решении вопросов. Существенный момент в том, что это позволит снизить коррупционные риски.

"Помимо выполнения своих непосредственных обязанностей, сотрудники фронт-офиса фиксируют предложения и рекомендации граждан по улучшению работы правоохранительных органов", - подчеркнул начальник ДП Карагандинской области, полковник полиции Ерлан Файзуллин.

Источник: <https://www.inform.kz/ru>

КӘСІПКЕРЛІКТЕН – БАСШЫЛЫҚҚА

Өз мемлекеті, халқы үшін қызмет ету – әрбір өзін еліміздің азаматымын, тұлғасымын дейтін жігіттің абыройлы міндеті, парызы болуы тиіс. Бұл – адам үшін арман-мақсат болмаса да, адамның қызметтік еңбек жолына қадам басқаннан кейін, жүйелі және үздіксіз жұмыс жасауы барысында алдынан шығуы ықтимал лауазымдық қызмет. Мемлекеттік қызмет арқылы мемлекеттік органдардың міндеттері мен функциялары жүзеге асырылады. Мемлекеттік лауазым – мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымның өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі. Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі. Лауазымдық өкілеттік – заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретіні нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік. Осы орайда, өзінің өмірдегі еңбек жолын ең төмендегі сатыдан бастап, біртіндеп көтеріліп келе жатқан, қалада өзімізбен бірге тіршілік етіп жүрген, кісілігі мен кішілігін теңдей ұстай білген, мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымға өзінің біліктілігі, еңбекқорлығы, таудай талабы арқылы жеткен және бұдан ірі басшылық қызметтерді атқаруға қауқары жететін азамат жайында баяндауды жөн санаймын. Өз басым Ахан Жармаханұлының көп жылдардан бері жақсы танымын және оны адам, азамат ретінде жақсы білемін, жасы кіші болса да, құрметтеймін.

Ахан Жармаханұлы Жүсіпов 1976-жылғы 26-ақпанда Қызылорда облысы Шиелі ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. Ата-анасының зиялы қауым өкілдері болуы оның білімге құмар және тәрбиелі болып өсуіне, өмір жолының азаматқа тән қалыптасуына, елін, жерін, Отаны мен ұлтын сүюіне, қоғамнан өз орнын табуына ықпал еткені сөзсіз. Әдетте ағартушы отбасынан шыққан балалардың өте биязы, салмақты, ұстамды һәм оқып-білуге құмар болып өсетінін өз өмірімнен, араласқан жақын жора-жолдастарымнан жақсы білемін. Ахан да солардың қатарында болуы өмір заңдылығы. Мектепті бітірген 1994-жылдан кейін ол бірден жоғарғы немесе арнаулы білім алуға асықпапты. Оған ата-анасы да сепкер болса керек. Сол жылдардағы заман талабына орай, мектеп

ауласынан шыққан сәттен бастап, саудаттық саласында жеке кәсіппен айналысуға бет бұрған ол капиталистік қоғамдағы күнкөріс ету тәсілі мен жеке кәсіпкерлік әліппесінің бетін ашқан. Өзінің жаңа да, тосын саладағы қадамын байқап көргесін 1997-жылы бізге мұра болып қалған ата кәсібіміз – мал шаруашылығымен айналысуға кірісіпті. Тер төге еңбек ете жүріп, қандай кәсіпкерлік салада да әр адамға арнайы білім керетігін түсінген. Сондықтан 2000-жылдары қасиетті Түркістан шаһарындағы Қожа-Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің халықаралық экономикалық қатынастар факультетіне оқуға түсіп, жоғарғы білім алуға қол жеткізеді. Қолына диплом алып, нағыз экономикалық білім алып, шынайы кәсіпкерліктің теориясымен қанығып шыққасын 2004-жылы еңбек жолын қаржы саласында бастаған. Замана ауанының бағытын байқаған талапты да, аңғарымды жас осы білім-дәрежесімен шектеліп қалудың алдағы өмір-тіршілігіне аздық ететінін байқап, 2005-2007-жылдары білін шыңдай түсу үшін жоғарыда аталған университетте қосымша магистратурада оқып алуды жөн санайды. Бұл кезде ол еңбектің дәмін татып, білім мен тәжірибедегі көкжиегі кеңейіп, толысқан шағы болатын. Аханның бұдан әрі кәсіпкерлікпен айналысып кетуге мүмкіндігі мен білімі жеткілікті еді. Алайда ол мемлекеттік қызмет жолын таңдауға бел буыпты. Осы жайлы оның пікірін сұрап көргенімізде, былайша қысқа жауап берді:

–Мемлекеттік қызметті таңдауымның басты себепкері, тоқсаншы жылдарда елге белгілі мемлекеттік қызметкерлер тұлғаларының ақпараттық құралдар арқылы жастарға айтып жүретін кеңестері, насихат сөздері, үндеулері болды. Сонымен қатар 1997-2006-жылдары мен жеке кәсіппен айналысқан сәтте, алғашқы жұмысқа орналасқан кездерде қызмет бабымен сол жердегі мемлекеттік мекемелермен тығыз байланыста жұмыс істедім. Мемлекеттік мекеме қызметшілерімен араласу, сұқбаттасу барысында олардың атқарып жүрген жұмыстары маған жақсы әсер қалдырды және өзіне тарта бастады.

Яғни, мемлекеттік қызметшілердің өз жұмысына деген жауапкершілігі, ұстамдылығы, азаматтармен, қарапайым халықпен қарым-қатынастағы әдептілігі және жұмысты ұйымдастыруы жанымды баурады. Ең бастысы – мемлекеттің тұрақты және тиімді дамуындағы әрбір мемлекеттік қызметшінің ролі мен қызметінің

маңыздылығын түсіндім. Осыларды саралап, сараптай келе осы салаға бет бұруды қаладым.

Уақыт деген жылдам және адамға білдірмей өте береді. Орда бұзар отыз жасында ол тағдырдың жазуымен 2006-жылы наурыз айында Приозерск қаласына қоныс аударады. Білімді және білікті жас маман жаңа ортада назардан тыс қалмады. Келісімен-ақ Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесіне бас маман ретінде тағайындалды. 2011- жылдың ақпан айында Приозерск қаласының кәсіпкерлік бөлімі мемлекеттік мекемесіне ауысу тәртібімен бас маман ретінде қызметін жалғастырған. 2013-дың ақпан айында бөлім басшысы лауазымына лауазымы өсіп, бүгінге дейін осы басшылық қызметті атқаруда. Осынау мемлекеттік қызметте жұмыс атқарған уақыт аралығында қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай өз үлесін қосты және қала жұртшылығына кеңінен танылды. 2006-2010-жылдардан бері қаланың су-жылу жүйесі жанартылуда, абаттандырылуда, жолдары жөндеуде және тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы ауқымды да маңызды істерде оның да өз қолтанбасы бар екендігі өзін қуантады һәм бақытқа бөлейді.

Өзінің осы салаға келгеннен бергі 2011-2018-жылдар аралығында қаламыздағы шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы да оң нәтиже беріп отыр. Тынымсыз ізденіс, еңбектену, талпынуының арқасына кәсіпкерлік субъектілерінің саны артып, мемлекеттік бағдарламалар аясында несие және грант алушылар саны артты және талаптанғандар өз кәсібін дамытуда. Жаңадан кәсіпкерлік нысандары жыл сайын ашылууда және саны мен сапасы қатар артуды. Кәсіпкерлердің түйіпкілді мәселелері қарастырылып, оның оң шешімін табуында Ахан басқарып отырған мекеме тараптан тиісті көмек көрсетіліп келеді. Өз кезегінде бұл нәтижесі мен тиімділігін көрсетуде. Бүгінде қырықтың қырықсынан асып, білігі мен тәжірибесі толысқан, аға буынның қатарында ізінен ерген жас мамандарды бауырына тартып, өз тәжірибесін үйретіп жүрген сақа мемлекеттік қызметкерден басшылықтағы жетістіктерге жетудегі сырын бөлісуді сұрағанбыз:

–Халықпен жұмыс істеу, әсіресе мекемеге басшы болу – оңай шаруа емес. Бұнда адамнан білім, тәжірибе, ізденіс, өзін атқарып отырған қызметті меңгеру мен



оның қыры-сырын жетік білу, қоғамда болып жатқан өзгерістерден дер кезінде хабардар болу, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын уақытылы іске асыру, көппен тіл табыса білу, ұйымдастырушылық қабілеттің болуы, мамандарды дұрыс таңдау және олармен бірге жұмыс жасауды ұйымдастыру секілді қасиеттер талап етіледі және оның адам бойынан табылуы – өз саладағы жетістікке жетудің басты факторлары деп есептеймін. Елбасының кәсіпкерлікті дамытудағы жасап келе жатқан оң саясаты мен қамқорлығы аясында жұмыс жүргізу – біз үшін үлкен табысқа жетуде және биік белестерді бағындыруда бастайтын сара жол болмақ, – деген жауапты естідік. Әрине, бұл шыныменен де ізінен қадам басқан іні-ізбасарларына үлгі болады деп ойлаймыз.

Сонымен қатар қаламызда жыл сайын өтетін спорттық сауықтыру ісшараларға және мемлекеттік қызметшілер арасында өтетін спартакиадаларға да белсене қатысып, жүлделі орындар алып отыратын Ахан қоғамдық өмірде де белсенді азамат. Біраз жылдардан бергі еңбегі еленіп, А.Жүсіпов облыс әкімінің Құрмет грамотасымен екі рет марапатталған. Өмір жолдасы екеуі үш бала тәрбиелеп отырған ата-аналар. Кейіпкерімізді төл мерекесімен құттықтай отырып, алдағы жұмыстарына жетістік, табыс, денсаулық, бақыт тілейміз!

Нурғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
саясаттанушы тұлғасы.
Суретте: А.Жүсіпов.

Саяси ақпарат

САЯСИ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Өткен сейсенбі, яғни 18-маусым күні «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қор-тындылары туралы Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қоғамдық штабы жұмысының қортындылары туралы «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы



Саяси кеңесі мүшелерінің қатысуымен Саяси кеңестің отырысы болып өтті. Оған Саяси кеңес мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары және баспасөз өкілі қатысты.

Саяси кеңесте «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев қалалық қоғамдық штабы жұмысының қортындылары туралы қоғамдық штабтың сайлау алды және сайлау кезіндегі жұмысының қортындылары туралы баяндама жасады.

Қазақстан Республикасының Президентіне кандидат Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қоғамдық штабы жұмысының қор-тындылары туралы Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сенімді өкілі, Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков пен қалалық қоғамдық штабтың басшысы, Жастар ресурстық орталығының директоры, қалалық мәслихат депутаты Ұлан Алмасұлы Алмас сөз сөйледі.



«Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы Саяси кеңесі отырыста қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылдады. Осымен Саяси кеңес өз жұмысын аяқтады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ,
Суретте: Саяси кеңес отырысында.

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МӘҢГІЛІК ТІЛ»

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» - делінген.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш. Ұлт болмысын ұғындырып, жалпы жұртты төңірегіне топтастырушы, біріктіруші ретінде де саналады. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі деген жөн. Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатынына күн сайын көз жеткізіліп келеді.

«Облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың, іс қағаздарын жүргізуді кезек – кезеңмен мемлекеттік тілге көшіру кестесіне» сай соттар мемлекеттік тілге толықтай көшірілді. Кіріс және шығыс құжаттары қазақ тілінде тіркеліп жолданады. Жұмыс жоспарлары, семинарлық сабақтар, жедел кеңес хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Төрелік бағдарламасы бойынша да құжаттар мемлекеттік тілде тіркеліп,



жолдануда.

Жалпы соттарда іс қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі, дұрыс толтырылуы өз деңгейінде атқарылуда. Туған тіліміздің биік мәртебесі үшін тер төгу – азаматтық парызымыз. Өйткені, тіл – халықтың жаны, ары мен абыройы. Тіл - халықтың тағдыры, дүниетанымы, салт – дәстүрі. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» шығуы ана тілімізді ардақтаудың алтын қазығы. Олай болса, күдіретті домбыраның үніндей қазақ тілі «түрі басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір» барша қазақстандықтардың ортақ тілі болғандықтан қолдану аясын одан әрі дамыту әрбір азаматтың негізгі міндеті деп білемін.

Д.А.Сатыбалдин,
Приозерск қалалық сотының кеңсе меңгерушісі

...Өз тіліңді құрметте!

ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНОМАСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Өзек жарды

Бүгінгі таңдағы мемлекеттік саясаттың ең осал тұстарының бірі – ономастика саясаты екені баршаға аян. Қоғамның әралуандылығы, ел аймақтарындағы этнодемографиялық жағдайдың біркелкі еместігі, айналып келгенде, унитарлы мемлекетке сай баршаға бірдей ортақ саясат жүргізуге орасан зор кедергі тудырып отыр. Қоғамның

тастайықшы. Бұл қаланың ұлттық болмысы туралы не деуге болады? Оның ішкі Ресейдегі қалалардан айырмашылығы қандай болмақ? Кезінде қазақы еш иісі жоқ, алдымен патша, соңынан Совет өкіметі бекіткен стандартты архитектурадан не сұрайсыз? Сондай қалада тұратын немесе қонақтаған қазақ өзін қалай сезінуі керек? Мойындау қажет, кез келген елді мекенді қазақыландыратын екі ғана көрнекі көрсеткіш бар: бірі – қазақ саны, екіншісі – көше атауы, маңдайшалар мен мемлекеттік тілдегі жарнама. Ұлттық нақышы бар архитектура, қазақ этнодизайн мектебі қалыптасып, өмірге аяқ басқанша жағдай осы. Бұл мәселе бұдан біраз жылдар бұрын біздің қалада да өзекті

біреуге ұнау үшін жасалмайды. Оның мақсаты бір – тарихи әділеттілікті орнату, қазақ қоғамы мен мемлекетін отарсыздандыру. Қала, ауыл, көше атаулары сонда тұрып жатқан халықтың ғана шаруасы емес. Оларды өзгерту үшін референдум жасап, жөн-жосықсыз қоғамдық тыңдау өткізу шенеуніктік саботаж, яғни отарсыздану саясатына балта шабу болып табылады. Қала да, көше де айналып келгенде мемлекеттігі, оны ешкімнің меншіктеп алуына құқы жоқ. Әрине, барынша қоғамның пікірін ескеру де қажет, бірақ сол қоғамдық пікірді дайындау, қоғаммен жұмыс жасау атқарушы биліктің басты жұмысының бірі. Бар мәселені атқарушы билік пен жергілікті мәслихат қана шешуі тиіс. Егер жергілікті атқару органдарына көше атауларын өзгерту керек деген тап-сырыс түсіп жатса, ал олар оны қойырт-паққа салса, екіншісі деу керек: яки осы билік атаудың өзгеруіне қарсы, яки қолынан ештеңе де келмейді. Ондай әкімқаралардың қоғамға да, мемлекетке де қажеті шамалы. Жоғырыда айтқанымыздай, біздің қаламыз-дағы ономастикалық саясаттың дұрыс жүргізілуіне деген көзқарасы түзу және ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқарылып келеді.

Бүгінгі таңда, яғни мамыр айының 20-жұлдызынан бастап 20-маусым аралығында қаламызда «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық» облыстық айлығы өтуде. Базар манындағы және көше бойларындағы дүкендер, дәмхана, мейрамхана мен тоюханалар маңдайшаларындағы екі тілде сауатты жазылған көрнекіліктер мен жарнамалар осының айғағы. Қазірде жұрт бұл мәселенің маңызы мен мәнін түсінгендігі анық байқалады. Осы орайда Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік қызметші-



қазақтілді және орыстілді болып бөлінуі, көпшілік мойындаған ортақ саяси және тарихи сананың жоқтығы көше мен елді мекен атауларына қатысты айтыстарды этносаралық жанжал дәрежесіне жеткізетіндей. Қазақ көпшілігі үшін көше атауы – тарихи әділеттіліктің орнауы, отарсыздандудың, қазақыландудың көрнекі образы мен басты нышаны болса, орыс азшылығы үшін – әрбір өзгерген көше атауы статусының төмендеуі, берекесінің қашып, дәуренінің өткені болып көрінетін болды. Бұл жағдай баспасөз бен интернетте неше түрлі даудамайға негіз болып жатады. Қысқасы, бітіспес дау сияқты...

Шындап келетін болсақ, ономастика саясаты – кез келген отарлық қалыптан шыққан, тәуелсіздігіне қол жеткізген, кешегімен қош айтысып келген әрбір ұлттың өзекті мәселесі. Қарапайым ғана мысал: дәл осы қазір теріскейдегі кез келген қаладағы көше атауы мен маңдайшаларын алып



мәселелердің бірі болатын. Сондықтанда, осыны қаперге алған Приозерск қаласының ономастикалық комиссия мүшелері қала тұрғындарының өтініштерін ескере отырып, жыл өткен сайын қаладағы мәні мен мағынасын жойған, біздің ұлттық таным-түсінімізге, біздің тарихымызға үш қайнасы сорпасы қосылмайтын, кеңестік кезеңнен қалған көше атауларын өзгерту мәселесін кезең-кезеңмен өзгертіп отыруды қолға алды.

Ономастика саясаты туралы жаңа заңнамада елімізде жүргізіліп жатқан ономастикалық саясаттың негізгі идеологиялық мақсаты мен миссиясын бұқпаламай, ашық-айқын көрсету керек. Ономастикалық саясат қаланы көркемдеу немесе



шіліктің үлгісіне айналуы тиіс. Олай болмаса, межелеген мақсатқа 2030-жылы түгіл, 2050-жылы да жете алмаспыз анық. Ұлттық мемлекет құру мен шынайы тәуелсіздік үшін күрестің екінші кезеңі билік пен қоғамның кешенді мәселелер бойынша өзара түсіністігі, ымыра мен іскерлігін талап етеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген дана халқымыз.

Н.ҚЫДЫРМҰРАҰЛЫ.

СПОРТ! СПОРТ! СПОРТ!

БОКС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жастар жылы аясында және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күніне арналған жасөспірімдер арасында бокстан Приозерск қаласының ашық біріншілігінің қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында үстіміздегі жылғы 13-маусым мен 15-маусым аралығында өтіп жатқаны туралы газетіміздің өткен санында жариялаған едік.

Бокс біріншілігіне жалпы аймағымыздан 10 құрама команда қатысып, спорттың бокс түрі бойынша өзара күш сынасты. Жасөспірім балалар мен қыздар арасындағы тартысты бәсекеде білікті төрешілердің әділ төрелігімен нағыз бокс тарландары анық-талды. Біздің қаламыздан қатысқан бокс шеберлері намысты қолдан бермеу үшін барынша тырысып, өз күшқуаттарын аянып қалмады.

Бокс біріншілігінің қорытындысы бойынша командалық есепте қаламыздан бәйгеге түскен боксшыларымыз бірінші орынды жеңіп алғанын қала тұрғындары мен газет оқырмандарына сүйіншілеп хабар-лаймыз. Жүлделі екінші орынды

Қарағанды қаласының атынан қатысқан «Қарағанды GGG» командасы қанжығаларына байлады. Ал, үшінші орын бізбен көршілес жатқан Балқаш қаласынан келіп бақ сынаған «Балқаш Барыс» командасының еншісіне тиді.

Жеңімпаз командалар мен жеке бокс шеберлері арнайы сыйлықтармен, құрмет грамоталары және алғыс хаттармен марапатталды.

Осынау бокс жарысының қортындысына қарай отырып, біздің қаламызда балалар мен жастардың спортқа, соның ішінде боксқа деген қызығушылығының жыл санап артып келе жатқанын байқаймыз. Әрине, бұл жетістіктер балаларды осы спорт түріне баулып жүрген жаттықтырушыларының арқасы және елеулі еңбегі мен төккен терлерінің жемісі деп білеміз.

Жеңісті сәттер жалғаса берсін, жерлестер!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.
Суретте: бокс біріншілігінен көріністер.



К сведению населения

НЕПАРНЫЙ ШЕЛКОПРЯД. АЗИАТСКИЙ ПОДВИД


Происхождение. Центром происхождения рода принято считать юго-восточную Азию.

Распространение. Непарный шелкопряд распространён по всей Европе, в Малой Азии, на Кавказе, по всей Сибири, в Японии и Северной Америке.

Вредоносность. Типичный полифаг. Он способен повреждать до 300 видов растений, в том числе почти все листовые деревья, некоторые хвойные, многие виды кустарников.

Морфология. Самец и самка очень резко различаются, как формой, так и окраской. Самка до 9 см ширины в размахе, передние крылья желтовато- или серовато-белые, с тёмно-бурыми поперечными, зубчатыми и волнистыми полосками, брюшко толстое, с буровато-серым пушком на конце, усики и лапки чёрные. Самец до 4 см ширины в размахе, усики перистые, бурые; тёмно-серый, с такими же, но более широкими полосками и пятнами на передних крыльях, как у самки. Яйцо вначале жёлтое, потом желтовато или розовато-серого цвета, гладкое, круглое, слегка приплюснутое сверху, диаметром 1—1,2 мм. Гусеница до 7 1/2 см длины, 16-ногая, волосистая, с тремя тонкими, иногда малозаметными, продольными полосками на спине и с парными бородавками, из которых передние 5 пар — синие, а задние 6 пар — красные; на каждой бородавке пучок волосков; на 8-м и 10-м кольцах две оранжевые, менее заметные железки; голова тёмно-серая, с двумя продольными, почковидными, чёрными пятнами. Куколка матово-чёрная или тёмно-коричневая, с редкими пучками коротких рыжеватых волосков и с двумя ямками позади усиков.

Особенности биологии. Зимует в стадии яйца. Весной при среднесуточной температуре 5-6°C начинается выход гусениц из яйца. Непарный шелкопряд является термобильным видом. Оптимальная температура развития 20-25°C. При такой температуре развитие протекает 35-40 дней, при температуре менее 10°C — прекращается. Гусеницы самцов проходят пять, а самок — шесть возрастов. Окукливаются в июне — начале июля в кронах, на стволах, в трещинах коры и других укромных местах. Стадия куколки продолжается 12-20 дней. Лет начинается в июле.



Самцы вылетают на 5-7 дней раньше самок. Спариваться могут сразу после выхода из куколки и обсыхания. После спаривания самки приступают к откладке яиц. Для откладки выбирают деревья с шершавой корой, не обязательно кормовые породы. Количество яиц в кладке колеблется от 100 до 1200, в зависимости от состояния популяции и размера бабочки. Развитие эмбриона начинается сразу, и в диапаузу уходит вполне сформированная личинка. Яйца очень морозостойки и могут выдерживать до -50°C.

Способы распространения. Основное значение при расселении вредителя имеют яйцекладки. Способность откладывать яйца не только на лесную продукцию, но и на поверхности транспортных средств увеличивает опасность распространения яйцекладок вместе с тарой, контейнерами, на вагонах, автомобилях и другими путями. Это увеличивает возможность заноса и осложняет обнаружение. Возможны дальние перевозки и куколок.

Карантинные мероприятия и меры борьбы. Восточная раса непарного шелкопряда внесена в список карантинных насекомых, ограниченно распространенных на территории Республики Казахстан. В качестве карантинных мероприятий рекомендуется внешний досмотр грузов и подвижного состава. Для выявления вредителя в насаждениях применяют феромонные ловушки. Из-за высокой изменчивости, для того чтобы достоверно различить европейскую и азиатскую расы, требуется анализ ДНК, который невозможно провести в полевых условиях. Для борьбы применяются химические и бактериальные препараты.

Кусаинова З.Т.
г.л.специалист-государственный инспектор по карантину растений
ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ»

РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН



№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следования
3	Алматы-2-Нур-Султан НЖ	23.09	10	23.19	ежедневно
4	Нур-Султан НЖ-Алматы-2	23:33	10	23:43	ежедневно
9	Алматы-1-Нур-Султан НЖ	02:50	15	03:05	ежедневно
10	Нур-Султан НЖ-Алматы-1	06:00	15	06:15	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	02:24	19	02:43	четным
16	Петропавловск-Алматы-2	18:46	15	19:01	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	6:14	15	6:29	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	22:11	15	22:26	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	08:41	15	08:56	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	19:13	16	19:29	ежедневно
75	Кызылорда-Петропавловск	19:59	15	20:14	четным
76	Петропавловск-Кызылорда	13:49	15	14:04	четным
85	Нур-Султан НЖ-Сарыагаш	21:05	15	21:20	ежедневно
86	Сарыагаш-Нур-Султан НЖ	9:34	15	9:49	ежедневно
91	Кызылорда-Нур-Султан НЖ	15:30	10	15:40	нечетным
92	Нур-Султан НЖ-Кызылорда	02:41	10	02:51	четным
303	Алматы-2-Казань	06:25	15	06:40	среда
304	Казань-Алматы-2	07:54	15	08:09	понедельник
315	Ташкент-Екатеринбург	06:25	15	06:40	понедельник
316	Екатеринбург-Ташкент	07:54	15	08:09	четверг
373	Алматы-2-Жезказган	13:18	15	13:23	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	03:25	15	03:40	ср.суб.
707	Алматы2-Нур-Султан НЖ	01:28	10	01:38	ежедневно
708	Нур-Султан НЖ-Алматы2	02:03	10	02:13	ежедневно
705	Алматы2-Петропавловск	00:35	10	00:45	ежедневно
706	Петропавловск-Алматы-2	03:50	10	4:00	ежедневно
711	Шымкент-Нур-Султан НЖ	23:42	10	23:52	нечетный
712	Нур-Султан НЖ-Шымкент	02:41	10	02:51	нечетный
50	Алматы-2-Уральск	4.35	12	4.47	четным
49	Уральск-Алматы-2	4.46	10	4.56	четным
252	Нур-Султан НЖ-Самарканд	4.08	15	4.23	среда (лето)
251	Самарканд-Нур-Султан НЖ	3.35	16	3.51	понедельник (лето)

Источник: www.http://temirzholy.kz

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМИ

числящиеся за ИП Темирбекова Г.О., (ИИН 901003450981),
кассовый аппарат ЗП50SKZФОРД, сер.номер 01000002372,
Книга учета наличных денег, Книга товарных чеков,
Регистрационная карта,
в связи с утерей.
Контактный телефон: +7 778 009 1217

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве
связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15,
Заказ № 25/617. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и
журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и
частными распространителями в г.Приозерске и
г.Караганде, а также по подписке во всех городах и
районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за
точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других
данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений.
Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции
запрещена.

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.
МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Ангалий)
8-747-970-25-81 (Карлыган).
На маникюр: 8-708-235-35-19
(Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

ОБЪЯВЛЕНИЕ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.
Возможен торг.
г. Караганда, (город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м²
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Из зала суда

НАРУШИТЕЛЬ ВЫДВОРЕН ЗА ПРЕДЕЛЫ РЕСПУБЛИКИ

Приозерским городским судом рассмотрено административное дело в отношении гражданина «Г». по части 2 статьи 517 Кодекса РК об административных правонарушениях, то есть (нарушение иностранцем или лицом без гражданства законодательства Республики Казахстан в области миграции населения, часть 2 - нарушение иностранцем или лицом без гражданства законодательства Республики Казахстан в области миграции населения, выразившееся в пребывании в Республике Казахстан без регистрации в органах внутренних дел свыше сроков, предусмотренных частью первой данной статьи, либо в проживании не по адресу, указанному при регистрации, а равно в несоблюдении правил транзитного проезда через территорию Республики Казахстан).

Из материалов дела установлено, 14.05.2019 года в 17-30 часов при проверке

документов было выявлено, что гражданин Российской Федерации «Г» проживал в г.Приозерск без регистрации в органах внутренних дел с 28.10.2018 года, в связи с чем, за нарушение законодательства в области миграционного законодательства Республики Казахстан в отношении него был оформлен административный протокол по части 2 статьи 517 КР КобАП.

Постановлением суда гражданин «Г» признан виновным в совершении административного правонарушения по ч.2ст.517 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях и подвергнут к административному взысканию в виде административного выдворения за пределы Республики Казахстан.

Постановление вступило в законную силу.

Пресс-служба Приозерского городского суда